

Alikhan Bokeikhan University		
3-деңгей СМЖ құжаты	№ 3 редакция 13.01.2022 ж	Е. 12.01.2022
Ереже	№ 2 редакция 27.09.2019 ж алмастырылған	

**ЭДВАЙЗЕР ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ
Е.12.01/2022**

Семей 2022

Мазмұны

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Жалпы ережелер	4
4	Эдвайзер жұмысының негізгі міндеттері	4
5	Эдвайзердің функционалдық міндеттері.....	5
6	Эдвайзердің құқығы.....	5
7	Қорытынды	5
8	Өзгерістерді тіркеу парағы.....	6

1 ҚОЛДАНЫС АЯСЫ

Осы Ереже «Alikhan Bokeikhan University» эдвайзерінің (Advisor) жұмысын ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже келесі құжаттардың талаптары мен ұсыныстарына сәйкес әзірленді және рәсімдерді белгілейді:

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 толықтырулары мен өзгертулерімен енгізілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі»

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Эдвайзер бұл – тиісті мамандық бойынша білім алушыға академиялық тәлімгер қызметін атқаратын, оқу бағытын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге көмектесетін оқытушы.

Білім алушыны пәндерді және (немесе) модульдерді (Enrollment/Интраулмэнт) меңгеруді тіркеуші офис ұйымдастырады. Бұл кезде ұйымдастырушылық-әдістемелік және кеңес беру жұмыстарына эдвайзерлер тартылады.

Эдвайзер профессорлық-оқытушылық құрам арасынан тағайындалады.

Эдвайзер студенттің БӨЖ құрамына кіретін арнайы пәндер саласын ғылыми дүниетаным тұрғысында игере білуі қажет.

Эдвайзер өзінің іс-әрекетін ұжымдық ережелер мен кәсіби әдепті басшылыққа ала отырып, кафедра меңгерішісімен, факультет деканынымен, жоғары білімнен кейінгі білім бөлімімен, тіркеуші офиспен келісіп жасауы керек.

4 ЭДВАЙЗЕРДІҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Білім алушының оқу траекториясын таңдауда және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге ықпал ету.

Білім алушылардың академиялық қызығушылықтарын таныстыру.

5 ЭДВАЙЗЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

1 курс студенттеріне бейімдеу апталығында кредиттік технология бойынша оқытудың ерекшеліктерін және орта бағаны (GPA) есептеуді, сондай-ақ білім алушылардың білім беру бағдарламасының оқу жоспарымен және элективті пәндер каталогымен таныстыру үшін кездесу ұйымдастыру.

Білім алушыларға кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамын қатыстыра отырып, білім беру бағдарламасының элективті курстарына презентация өткізу.

Білім алушылардың таңдалған элективті пәндеріне электронды тіркелуді өз уақытында жүзеге асыруды қадағалау.

Білім алушылардың жеке оқу жоспарларын құруда бірлесіп жұмыс жасау.

Қажет болған жағдайда білім алушының жеке оқу жоспарына өзгерістер енгізуді жүзеге асыру.

Академиялық қарызы бар қайта қабылданған немесе ауысып келген білім алушылармен жұмыс.

Ресми және бейресми білім берудегі оқылған пәндерін есепке алу жұмысын ұйымдастыру.

Білім алушылардың бекітілген пәндері бойынша үлгерім мониторингін жасау.

Білім алушыларға бекітілген академиялық қызығушылықтары жойылғанда көмек көрсету.

Білім алушыға барлық оқу жылында әдістемелік және консультациялық жәрдем беру.

6 ЭДВАЙЗЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ

Білім алушының білім беру траекториясын және білім беру бағдарламасын құрудағы туындаған мәселелерін қарастыруда барлық ұжымдық органдардың жұмысына қатысу.

Өзіне бекітілген білім алушылардың үлгерімдері туралы қажетті ақпараттарды тіркеуші офистен алу.

Өз күзiретгiлiгi шеңберiнде университеттiң құрылымдық бөлiмшелерiнен оқу-әдiстемелiк құжаттамаларды алу.

7 ҚОРЫТЫНДЫ

Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Alikhan Bokeikhan University нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

Эдвайзер жұмысы ЖОО оқытушысы қызметінің ең маңызды көрсеткіші болып табылады және профессорлық-оқытушылық құрамның бос лауазымдарына конкурстан өткен кезде ескеріледі.

